


|  |   |                       |
|--|---|-----------------------|
|  SATBAYEV<br>UNIVERSITY | <b>«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ<br/>ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС<br/>АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b> |                       |
| 3 деңгейлі<br>СМЖ құжаты   | №1 редакция<br>«10» 09 2021 ж.  | E 029-04-01.02.1-2021 |

**«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық  
зерттеу университеті» КЕАҚ  
Жас ғалымдар кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**E 029-04-01.02.1-2021**

**АЛҒЫСӨЗ**

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті»  
КЕАҚ Ғылым департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылым департаментінің  
директоры  
« 09 » 09 2021 ж.  
**2 КЕЛІСІЛДІ**

 Ж.Бактығали

Ғылым және халықаралық  
ынтымақтастық жөніндегі проректор  
« 09 » 09 2021 ж.

 Ә.Шоқпаров

Қаржы және есеп  
департаментінің директоры  
« 09 » 09 2021 ж.

 Г.Токжігітова


HR қызметінің директоры  
« 09 » 09 2021 ж.

 А.Беисова


Бағалау және сапа бөлімінің бастығы  
« 09 » 09 2021 ж.

 А.Сауранбаева

Заң жүзінде қамтамасыз ету  
бөлімінің бастығы  
« 09 » 09 2021 ж.

 Д.Кульджанова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және  
мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің  
бас маманы  
« 09 » 09 2021 ж.

 А.Изатоллаева

3 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ басқармасының 2021 жылғы  
« 10 » 09 № 94 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

**МАЗМҰНЫ**

|                                    |   |
|------------------------------------|---|
| 1 Негізгі міндеті                  | 4 |
| 2 Қызметтің нормативтік негіздері  | 4 |
| 3 Бөлімшенің құрылымы              | 5 |
| 4 Бөлімшенің қызметі               | 5 |
| 5 Жұмысты жоспарлау және есеп беру | 6 |
| 6 Соңғы ережелер                   | 6 |
| Өзгертулерді тіркеу парағы         | 7 |

## 1 Негізгі міндеті

1.1 Жас ғалымдар кеңесі (бұдан әрі - ЖҒК) «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ-ның (бұдан әрі - Университет) консультативті-кеңесші органы болып табылады.

1.2 ЖҒК қызмет ету мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми және инновациялық потенциалын белсендіру, жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми қызметін үйлестіру, оларды елдің индустриалды-инновациялық даму міндеттерін шешуге тарту, кәсіби және әлеуметтік-тұрмыстық салаларда мүдделерді қорғау, ғылыми қызмет нәтижелерін насихаттау және ендіруге септігін тигізу.

1.3 ЖҒК негізгі міндеттері:

- Университеттің ғылыми, мәдени және қоғамдық өмірінде жас ғалымдар мен мамандардың белсенділігін арттыру;

- жас ғалымдар арасында іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу бойынша тиімді ақпараттық қамтуды ұйымдастыру;

- жас ғалымдар жобаларының аралық, қорытынды есептерін тындау кезінде Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесіне көмек көрсету;

- жыл сайынғы республикалық ғылыми шәкіртақылар мен сыйлықтарға өтініштерді беру кезінде көмек көрсету, оның ішінде уәждемелік хаттарды құрастыру және қол қою;

- жас ғалымдармен жарияланымдарды дайындау кезінде әдістемелік көмек көрсету;

- ғылыми конференцияларды, семинарларды және басқа іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- өндірістік кәсіпорындармен, отандық және шетелдік ғылыми ұйымдармен және жоғары оқу орындарымен іскерлік және шығармашылық байланысты дамыту.

1.4 Жас ғалымдар деп 40 жастан аспайтын жұмыскерлер, ізденушілер, магистранттар, докторанттар, оқытушылар мен ғылыми қызметпен айналасатын тұлғалар болып табылады.

1.5 ЖҒК Ғылым және корпоративтік даму жөніндегі проректорға бағынады.

## 2 Қызметтің нормативтік негіздері

2.1 ЖҒК өз қызметінде Қазақстан Республикасының ағымдағы заңдылығын басшылыққа алады, сонымен қатар:

– Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы;

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 -111 «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерци-яландыру туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 537-IV «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызындағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» заңы;
- «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 170 бұйрығы;
- ҚР Білім және ғылым министрінің «Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдар тізіміне енгізу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 04 наурыздағы № 20 бұйрығы;
- ҚР Білім және ғылым министрінің «Дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы;
- ҚР Білім және ғылым министрінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген 2015 жылғы 16 қазанындағы №602 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ Жарғысы;
- Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері.

### **3 Бөлімшенің құрылымы**

3.1 ЖҒК штаты төраға мен үш мүшеден құрылады.

3.2 Төраға ЖҒК қызметін басқаруды іске асырады және 2 жыл мерзімге тағайындалады. Төраға 40 жасқа жеткенше шектеусіз тағайындалуы мүмкін.

3.3 ЖҒК мүшелері 2 жыл мерзімге тағайындалады және Университеттің талантты, прогрессивті жастары қатарынан таңдалады.

3.4 ЖҒК қаржыландыру жоспары жетекшілік ететін проректормен бекітіледі.

### **4 Бөлімше қызметі**

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін ЖҒК келесі қызметтерді іске асырады:

4.1 Атақты ғалымдар атындағы сыйлықтар мен шәкіртақыларды беру бойынша ережелердің жобаларын жасау және Ғылыми кеңестің қарастыруына енгізу;

4.2 Жас ғалымдар конференцияларын, семинарларын және кездесулерін ұйымдастыру, жас ғалымдардың республикалық және халықаралық конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға, сонымен қатар машықтануға қатысуына көмектесу.

4.3 Кеңестің мүшелерін жас ғалымдар үшін шәкіртақылар мен сыйлықтарды беру бойынша конкурстық комиссиялардың құрамына қосу туралы ұсыныстарды енгізу.

4.4 Жыл сайынғы республикалық ғылыми шәкіртақылар мен сыйлықтар конкурсына құжаттарды дайындауға, оның ішінде уәждемелік хаттарды құрастыру мен қол қоюға көмек көрсету.

4.5 Конкурстардың, оның ішінде іргелі және қолданбалы гранттық қаржыландыру конкурстары бойынша ережелерді тарату үшін ақпараттық өрісті ұйымдастыру.

4.6 Жас ғалымдар және

- университет қаражаты есебінен қаржыландырылатын;

- республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын

басқа конкурстарға кандидатуралар туралы ұсыныстарды дайындау.

## **5 Жұмысты жоспарлау және есеп беру**

5.1 ЖҒК жылдық жоспары төрағамен құрастырылады және жетекшілік ететін проректормен бекітіледі.

5.2 Менеджмент талдау бойынша есеп сұратылатын мерзімге сәйкес Стратегиялық дамыту департаментіне ұсынылады.

## **6 Соңғы ережелер**

6.1 Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жетекшілік ететін проректормен қарастырылады және бекітіледі.

6.2 ЖҒК қайта құру және тарату Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесімен қарастырылады және бекітіледі.

Өзгерістерді тіркеу парағына Тас Жалпидар кеңесі туралы  
құжаттың белгіленуі ерекше

| Өзгерістердің реттік нөмірі | Негіздеме (құжатқа сілтеме) | Бөлімі, құжат тармағы | Өзгерістер түрі (ауыстыру, жою, қосу) | Хабарламаның нөмірі және күні | Өзгеріс енгізілді |                                  |
|-----------------------------|-----------------------------|-----------------------|---------------------------------------|-------------------------------|-------------------|----------------------------------|
|                             |                             |                       |                                       |                               | Күні              | Тегі мен аты-жөні, қолы, қызметі |
| а 1.                        |                             | 4т. 4.7тар.           | қосу                                  | а 1                           | 10.05             | ✓ Салмақов С                     |
|                             |                             | 4.8.тар.              | қосу                                  | 14.03. 2022                   | 22.09             | ✓ Салмақов С                     |
| 2.                          |                             | 3т. 3.1.              | ауыстыру                              | а 2                           |                   | ✓ Салмақов С                     |
| 3.                          |                             | 3т. 3.2.              | ауыстыру                              | 05.09.22.                     |                   | ✓ Салмақов С                     |
| 4.                          |                             | 4т. 4.9.              | қосу                                  | а 3                           |                   | ✓ Салмақов С                     |
| 5                           |                             | 4.10                  | қосу                                  | 05.09.22                      |                   | ✓ Салмақов С                     |
| 6                           |                             | 4.11                  | қосу                                  |                               |                   | ✓ Салмақов С                     |
| 7.                          |                             |                       |                                       |                               |                   |                                  |
| 8                           |                             | 3т. 3.1.              | қосу                                  | а 4                           |                   | ✓ Салмақов С                     |
| а 9                         |                             | 3т 3.2                | қосу                                  | 05.09. 2022                   |                   | ✓ Салмақов С                     |
| а 10                        | төтенше бөлім               |                       | қосу                                  | а 5, 23                       | 06.               | Жапарбаев У                      |
| а 11                        | б. 3.4. тарч.               |                       | ауыстыру                              | а 5. 2023                     |                   | Жапарбаев У                      |
| а 12                        | б. 3.2. тарч                |                       | ауыстыру                              | а 5. 2023                     |                   | Жапарбаев У                      |
| а 13                        | б. 1.5 тарч.                |                       | ауыстыру                              | а. 7 2023                     |                   | Жапарбаев У                      |
|                             | б. 5.2.                     |                       | ауыстыру                              | а 7 3.07.2024                 |                   | Жапарбаев У                      |